

"Бірыңғай индустрияландыру картасының өнеркәсіптік-инновациялық жобаларын мониторингтеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 12 мамырдағы № 265 бұйрығына және "Өнеркәсіптік-инновациялық жобаларды бірыңғай индустрияландыру картасына енгізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 22 тамыздағы № 592 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2026 жылғы 19 тамыздағы № 413 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 20 тамызда № 39648 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Бірыңғай индустрияландыру картасының өнеркәсіптік-инновациялық жобаларын мониторингтеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 12 мамырдағы № 265 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28102 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бірыңғай индустрияландыру картасының өнеркәсіптік-инновациялық жобаларын мониторингтеу әдістемесінде:

2-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) жергілікті атқарушы орган – астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімі басқаратын, өз құзыреті шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқаруды және өзін-өзі басқаруды жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган;"

көрсетілген Әдістемеге 1-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Өнеркәсіптік-инновациялық жобаларды бірыңғай индустрияландыру картасына енгізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 22 тамыздағы № 592 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33321 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Өнеркәсіптік-инновациялық жобаларды бірыңғай индустрияландыру картасына енгізу қағидаларында:

4-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) бірінші кезең – астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы (бұдан әрі – жергілікті атқарушы орган) осы Қағидаларға 1

-қосымшада көрсетілген жобаның негізгі көрсеткіштерін қамтитын жобалар тізбесін қалыптастырады;"

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 4-қосымшаға орыс тілінде өзгерістер енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

3. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Өнеркәсіп комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және құрылыс министрі*

Е. Нағаспаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және
құрылыс министрі
2026 жылғы 19 тамыздағы
№ 413 Бұйрыққа
1-қосымша
Бірыңғай индустрияландыру
картасының өнеркәсіптік-

Ұсынылады: Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет – ресурста орналастырылған: www.gov.kz/memleket/entities/comprom.

Әкімшілік дереккөздер нысанының атауы: Бірыңғай индустрияландыру картасының жобалары бойынша ақпарат.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): БИКЖА-1.

Кезеңділік: тоқсан сайын.

Есепті кезең: 20 ____ жылғы _____.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: қызметі өнеркәсіппен байланысты жауапты шаруашылық субъектілері (бұдан әрі – шаруашылық субъектілері), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары (әкімдіктері), астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, жергілікті атқарушы органдары (әкімдіктері), орталық мемлекеттік органдар.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: шаруашылық жүргізуші субъектілер аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына (әкімдіктеріне) тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10-күніне дейін;

аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары (әкімдіктері) астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарына (әкімдіктеріне) тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-күніне дейін;

астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары (әкімдіктері) және орталық мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20-күніне дейін.

ЖСН/БСН:

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

(деректерді жеке тұлғалар ұсынған жағдайда, сондай-ақ агрегатталған түрде толтырылмайды)

Жинау әдісі (қағаз тасығышта, электронды түрде, телефон арқылы сауал салудың компьютерлендірілген жүйесі, қағаз тасығышта пайдалана отырып, интервьюердің

жеке сауал салуы кезінде, дербес есептеу құрылғысын пайдалана отырып, интервьюердің жеке салуы кезінде): электронды түрде.

[illegible]

					анан ын, облы стард ын, респу - блика лық маңы з ы бар қалал - арды ң , жергі лікті атқар ушы орган дары (әкімд ік-те рі), ортал ы қ мемл е-кет тік орган дар	Жоба ның мақса ты	ЭҚЖ Ж	Экон омик алық қызм е т түрле р і бөлім і	Облы сы, қалас ы , аудан ы	Әкім шілік - аума қтық объек тілер дің жікте уіші бойы нша Код		пайдалану кезеңіне
--	--	--	--	--	--	----------------------------	----------	---	---	--	--	-----------------------

					миллион теңге	проблемал ы қ мәселелері	өңдеуге жауапты орган	Ағымдағы жағдайы	деректері (Т.А.Ә., телефон)
25	26	27	28	29	30	31	32	33	34

Ескертпе: Нысанды толтыру бойынша түсініктеме осы нысанға қосымшаға келтірілген.

Атауы Мекенжайы

Наименование Адрес

Телефоны

Телефон _____

Электрондық пошта мекенжайы/Адрес электронной почты

Орындаушы

Исполнитель _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы, телефоны

фамилия, имя и отчество подпись, телефон

(при его наличии)

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам _____

Руководитель или лицо, исполняющее его обязанности қолы

Подпись

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)

фамилия, имя и отчество (при его наличии)

Мөрдiң орны (жеке кәсіпкерлер болып табылатын тұлғаларды қоспағанда)

Место для печати (за исключением лиц, являющихся субъектами частного предпринимательства)

"Бірыңғай индустрияландыру
картасының жобалары бойынша
акпарат" әкімшілік деректерді
өтеусіз негізде жинауға арналған
нысанға қосымша

"Бірыңғай индустрияландыру картасының жобалары бойынша ақпарат" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме "Бірыңғай индустрияландыру картасының жобалары бойынша ақпарат" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру жөніндегі бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысанды қызметі өнеркәсіппен байланысты жауапты шаруашылық жүргізуші субъектілер (бұдан әрі – шаруашылық жүргізуші субъектілер), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары (әкімдіктері), астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары (әкімдіктері), орталық мемлекеттік органдар толтырады.

3. Нысанға орындаушы мен басшы немесе оның міндетін атқарушы адам қол қояды.

4. Нысанды Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне: шаруашылық жүргізуші субъектілер аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына (әкімдіктеріне) тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10-күніне дейін;

аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары (әкімдіктері) астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарына (әкімдіктеріне) тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-күніне дейін;

астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары (әкімдіктері) және орталық мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20-күніне дейін ұсынады.

5. Нысан қазақ және орыс тілдерінде толтырылады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

6. Нысанның 1-бағанында жобаның реттік нөмірі көрсетіледі.

7. Нысанның 2-бағанында жобаның атауы көрсетіледі.

8. Нысанның 3-бағанында жобаның өтініш берушісі көрсетіледі.

9. Нысанның 4-бағанында жоба өтініш берушінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

10. Нысанның 5-бағанында Жарғыға сәйкес елі және жобаға қатысу үлесі көрсетілген жобаның құрылтайшысы (құрылтайшылары) көрсетіледі.

11. Нысанның 6-бағанында қызметі өнеркәсіппен байланысты жауапты шаруашылық жүргізуші субъектілер (бұдан әрі – шаруашылық жүргізуші субъектілер), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары (

әкімдіктері), астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары (әкімдіктері), орталық мемлекеттік органдар көрсетіледі.

12. Нысанның 7-бағанында жобаның мақсаты – жаңа өндіріс немесе қолданыстағы өндірісті кеңейту және/немесе жаңғырту көрсетіледі.

13. Нысанның 8-бағанында Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші (ЭҚЖЖ) көрсетіледі.

14. Нысанның 9-бағанында жобаның экономикалық қызмет түрлері бөлімі көрсетіледі.

15. Нысанның 10-бағанында әкімшілік-аумақтық объектілер сыныптауышына сәйкес жоба іске асырылатын облыс, қала, аудан көрсетіледі.

16. Нысанның 11-бағанында әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктеуіші бойынша код көрсетіледі.

17. Нысанның 12-бағанында көрсетілген мемлекеттік ынталандыру шарасы түрінің атауы көрсетіледі.

18. Нысанның 13-бағанында көрсетілген мемлекеттік ынталандыру шаралары құндық мәнде миллион теңгемен көрсетіледі.

19. Нысанның 14-бағанында жобаны салу кезеңіне құрылған не жоспарланатын жұмыс орындарының саны көрсетіледі.

20. Нысанның 15-бағанында жобалау құжаттамасына немесе жоба паспортына сәйкес пайдалану кезеңінде құрылған не жоспарланатын жұмыс орындарының саны көрсетіледі.

21. Нысанның 16-бағанында жобаға инвестициялардың жалпы жоспарланған көлемі миллион теңгемен көрсетіледі.

22. Нысанның 17-бағанында жобаға жылдар бойынша жоспарланған инвестициялар көлемі миллион теңгемен көрсетіледі.

23. Нысанның 18-бағанында жобаға инвестициялардың жалпы нақты көлемі миллион теңгемен көрсетіледі.

24. Нысанның 19-бағанында жобаға салынған инвестициялардың нақты көлемі жылдар бойынша миллион теңгемен көрсетіледі.

25. Нысанның 20-бағанында жобаға өз қаражаты миллион теңгемен көрсетіледі.

26. Нысанның 21-бағанында Екінші деңгейдегі банктердің қарыз қаражаты миллион теңгемен көрсетіледі.

27. Нысанның 22-бағанында мемлекеттік ынталандыру шаралары операторларының және ұлттық компаниялардың бюджет қаражаты миллион теңгемен көрсетіледі.

28. Нысанның 23-бағанында жоба бойынша қаржыландыруға қосымша қажеттілік миллион теңгемен көрсетіледі.

29. Нысанның 24-бағанында жоба шеңберінде шығарылатын өнімнің атауы көрсетіледі.

30. Нысанның 25-бағанында өлшем бірліктерін көрсете отырып, жобалық құжаттамаға немесе жобаның паспортына сәйкес заттай мәнде жобаның қуаты көрсетіледі.

31. Нысанның 26-бағанында жобаның қуаты жобалық құжаттамаға немесе жобаның паспортына сәйкес құндық мәнде миллион теңгемен көрсетіледі.

32. Нысанның 27-бағанында жоба құрылысының басталу күні көрсетіледі.

33. Нысанның 28-бағанында пайдалануға беру актісіне немесе жабдықты қабылдау актісіне сәйкес жобаны пайдалануға беру күні көрсетіледі.

34. Нысанның 29-бағанында жыл бойынша өлшем бірліктерін көрсете отырып, өндірілген өнімнің көлемі заттай түрде көрсетіледі.

35. Нысанның 30-бағанында өндірілген өнімнің көлемі жылдар бойынша құндық мәнде миллион теңгемен көрсетіледі.

36. Нысанның 31-бағанында шешу жолдарын пысықтай отырып, инвесторлардың проблемалық мәселелері көрсетіледі.

37. Нысанның 32-бағанында басқа мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен салыстыру арқылы жобаларды іске асыру көрсеткіштерін өңдеуге жауапты орган көрсетіледі.

38. Нысанның 33-бағанында орындалған құрылыс жұмыстарының (қызметтерінің) көлемі, жабдықты жеткізу және монтаждау және жүргізілген немесе жоспарланған жұмыстар, инвестицияларды игеру және/ немесе жобалық қуаттарды игеру бойынша ақпаратты қамтитын жобаның ағымдағы жай-күйі көрсетіледі.

39. Нысанның 34-бағанында жоба өтініш берушінің байланыстары (аты-жөні, телефоны) көрсетіледі.

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

- 1) БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі.
- 2) ЖСН-жеке сәйкестендіру нөмірі.
- 3) Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда).
- 4) ЭҚЖЖ – Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы

Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және құрылыс
министрі 2026 жылғы
19 тамыздағы
№ 413 Бұйрыққа
2-қосымша
Өнеркәсіптік-инновациялық
жобаларды бірыңғай
индустрияландыру
картасына
енгізу қағидаларына
1-қосымша

Бірыңғай индустрияландыру картасына енгізу үшін негізгі көрсеткіштері бар өнеркәсіптік-инновациялық жобалардың тізбесі

Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне
Әкімшілік деректер нысаны интернет-ресурста орналастырылған: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mps?lang=kk>

Әкімшілік деректер нысанының атауы: өнеркәсіптік-инновациялық жобалардың тізбесі

Әкімшілік деректер нысанының индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): 1- ППИП

Жиілік: бір реттік

Есепті кезең: __ күні __ айы ____ жыл

Ақпарат беретін тұлғалар тобы: астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: бірыңғай индустрияландыру картасына өнеркәсіптік-инновациялық жобалардың тізбесін қалыптастыруға қарай

р/с №	Жобаның атауы	Өтінім беруші	Бизнес сәйкестендіру нөмірі / жеке сәйкестендіру нөмірі (12 белгіде)	Құрылтайшы		
				Құрылтайшының атауы	ел	үлес, %
1	2	3	4	5		

кестенің жалғасы

Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіш коды	Жоспарланған мемлекеттік ынталандыру шаралары		Жұмыс орнының саны	
	Шара түрінің атауы	Шараның құндық мәні, миллион теңге	Құрылыс кезеңінде	Пайдалану кезеңінде
6	7	8		

кестенің жалғасы

Жоба бойынша негізгі капиталға инвестицияның жоспарланған көлемі, миллион теңге	Жобаны қаржыландыру көздері			
	Меншіктік қаражат, миллион теңге	Қарыз қаражат, миллион теңге	Бюджет қаражаты, миллион теңге	Қосымша қаржыландыру қажеттігі, миллион теңге
9	10			

кестенің жалғасы

Шығарылатын тауар/көрсетілетін қызмет атауы		Жобаның қуаттылығы	
Шығарылатын тауар/көрсетілетін қызмет атауы	Сыртқы экономикалық қызметтің тауарлар номенклатурасы коды (6-10 белгіде)	заттай мәнде (өлшем бірлігімен)	құндық мәнде, миллион теңге

11	12
----	----

кестенің жалғасы

Пайдалануға беру мерзімі (жыл)	Ағымдағы жағдайы	Байланыс деректері	
		Ұялы телефон	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
13	14	15	

Жергілікті атқарушы органның жауапты қызметкері:

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Телефоны: _____

Электрондық пошта мекенжайы: _____

Басшы немесе қол қоюға уәкілетті тұлға _____

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

қолы _____

(мөр үшін орын),

толтыру күні "___" _____ 20__ жыл

Ескерту: "Бірыңғай индустрияландыру картасына енгізу үшін негізгі көрсеткіштері бар өнеркәсіптік-инновациялық жобалардың тізбесінің" нысанын толтыру бойынша түсініктеме:

1. Нысанның 1-бағанында жобаның реттік нөмірі көрсетіледі;

2. Нысанның 2-бағанында жобаның атауы көрсетіледі;

3. Нысанның 3-бағанында жобаның өтініш берушісі көрсетіледі;

4. Нысанның 4-бағанында жоба өтініш берушінің 12 белгіде Бизнес сәйкестендіру нөмірі / жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

5. Нысанның 5-бағанында жоба бойынша Құрылтайшы, оның ішінде құрылтайшы(-лар) атауына, еліне және үлесіне қатысты ақпарат көрсетіледі (егер екі және одан да көп құрылтайшы көрсетілсе, ел және үлес бойынша ақпаратты әрбір құрылтайшы бойынша бөлек көрсету қажет);

6. Нысанның 6-бағанында жобаның іске асырылу орны бойынша Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіш коды көрсетіледі (облыс, қала/аудан, аудан/ауылдық округ/ауыл);

7. Нысанның 7-бағанында мемлекеттік ынталандырудың жоспарланатын шаралары, оның ішінде шараның атауы (қысқаша сипаттамасы) және шараның құндық мәні (бар болған жағдайда) көрсетіледі;

8. Нысанның 8-бағанында құрылыс кезеңіне және пайдалану кезеңіне арналған жұмыс орындарының саны көрсетіледі;

9. Нысанның 9-бағанында жобаны пайдалануға бергенге дейінгі негізгі капиталға инвестициялар көлемі көрсетіледі;

10. Нысанның 10-бағанында жобаны пайдалауға бергенге дейінгі негізгі капиталға инвестициялар көлеміне сәйкес жобаны қаржыландыру көздері көрсетіледі;

11. Нысанның 11-бағанында шығарылатын тауар / көрсетілетін қызмет атауы мен әр тауар бойынша сыртқы экономикалық қызметтің тауарлар номенклатурасы коды 6-10 белгіде көрсетіледі;

12. Нысанның 12-бағанында заттай және құндық мәндегі жобаның қуаттылығы көрсетіледі (егер 11-бағанда 2 не одан да көп тауар/қызмет көрсетілген жағдайда, заттай және құндық мәндегі жобалық қуатты әр тауар бойынша жеке көрсету қажет; егер жоба қазіргі өндірісті жаңғыртуға бағытталса, онда заттай мәндегі жобалық қуатты қолда бар өндіріс көлемін еспеке алмағанда (шегергенде) мәнді көрсету қажет);

13. 13-бағанда жобаны пайдалануға беру мерзімі (жылы) көрсетіледі;

14. 14-бағанда жобаның ағымдағы жағдайы көрсетіледі (жүргізілген жұмыстардың толық сипаттамасы);

15. 15-бағанда жобаны іске асыруға жауапты тұлғаның байланыс деректері көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және
құрылыс министрі
2026 жылғы 19 тамыздағы
№ 413 Бұйрыққа
3-қосымша
Өнеркәсіптік-инновациялық
жобаларды бірыңғай
индустрияландыру
қартасына
енгізу қағидаларына
4-қосымша

Деректерді таратуға арналған өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектісінің келісімі

(өтініш берушінің бланкісінде ол болған кезде толтырылады)

(өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектісінің толық атауы)

(бұдан әрі – Субъект) жобасы бойынша _____

(бұдан әрі – Жоба)

(жоба атауы)

уәкілетті орган, жауапты орган және өнеркәсіпті дамыту саласындағы ұлттық даму институтына келесідей деректерді ашуға және пайдалануға келісім береді:

(органдардың атауы)

– жобаның атауы;

– жобаға өтінім беруші;

– өңір;

- заттай мәндегі қуаты;
- іске қосу (жыл);
- жауапты мемлекеттік орган, холдинг;
- инвестиция көлемі (миллион теңге);
- іске қосу кезеңіндегі жұмыс орындар саны (адам);
- мемлекеттік ынталандыру шаралары (атауы).

Бірінші басшы: _____

Қолы: _____

(мөр орны бар болған жағдайда),

толтырылған күні " ____ " _____ 20__ жыл